



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 15 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ  
2010 ЖЫЛҒЫ 1 ШІЛДЕ

### Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңесті құру туралы

Ағымдағы жылғы 12 маусымда «Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңес туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің № 994 Жарлығына қол қойылды. Жарлықтың мәтінімен Ұлттық Банк сайтының «Қаржы тұрақтылығы» бөлімінде танысуға болады.

Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңес Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылды, оның негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және қаржы секторын тиімді дамыту мәселелері бойынша ведомствоаралық үйлестіру болып табылады. Кеңес функцияларының құрамына:

1) реттеуші мониторинг деректерінің негізінде қаржылық тұрақтылық үшін жүйелік тәуекелдер бойынша ұсыныстарды тұжырымдау;

2) Қазақстан Республикасының қаржы жүйесін дамыту саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу және іске асыру жөніндегі тәсілдерді тұжырымдау;

3) жүйелік тәуекелдерді барынша азайту және қаржылық тұрақтылыққа қатердің алдын алу мақсатында қаржы секторын реттеудің стратегиясы мен қағидаттарын қалыптастыру бойынша ұсыныстарды тұжырымдау;

4) қаржылық тұрақтылыққа қолдау көрсетуге бағытталған реттеуші және ынталандырушы шараларды қолдану жөніндегі ұсынымдарды дайындау кіреді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы – Марченко Григорий Александрович Кеңес төрағасы болып табылады. Кеңестің құрамына:

Ақышев Данияр Талғатұлы – Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары;

Бахмутова Елена Леонидовна – Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің төрайымы;

Есенбаев Мәжит Төлеубекұлы – Бәсекелестікті қорғау агенттігінің төрағасы;

Жәмішев Болат Бидахметұлы – Қазақстан Республикасы Қаржы министрі;

Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы – Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі;

Аханов Серік Ахметжанұлы – «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы кіреді.

Кеңестің жұмыс органы Ұлттық Банк болып табылады.

Кеңестің бірінші отырысы ағымдағы жылдың 30 маусымында өткізілді. Мынадай мәселелер қаралды:

– Халықаралық практикада қабылданған реттеу қағидаттарын ескере отырып, қаржы институттарын капиталдандыруды кезең-кезеңмен арттыру туралы;

– «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банк қызметін және қаржы ұйымдарын реттеу мәселелері бойынша тәуекелдерді азайту бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жобасының бірқатар тұжырымдамалық жағдайлары туралы;

– Қаржы жүйесінің тұрақтылығы тұрғысынан алғанда ақшаны жылыстату мен терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-әрекет жүйесі жұмысының кейбір аспектілері туралы.

Сондай-ақ Кеңестің келесі отырысын ағымдағы жылдың 16 шілдесінде өткізу туралы шешім қабылданды. Бұл отырыста екінші деңгейдегі банктердің қатысуымен қаржы секторының тәуекелдерін барынша азайту жөнінде келісілген ұстанымды әзірлеу және заңнамалық бастамалар туралы мәселе қаралады деп болжануда.